

АРНАЙЫ СЕРВИСТІК КАМПАНИЯ

[25SD-108]

Кейбір модельдерде автотұраққа көмектесу жүйесінің электрондық басқару блогын (ЭББ) қайта бағдарламалау

Әңгіме не туралы?

Осы кампанияға қатысатын көліктер артқы көрініс бейнесін көрсететін шеңберлі шолу (PVM) жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылатын автотұраққа көмектесу жүйесінің басқару блогымен жабдықталған. Осы басқару блогының бағдарламалық қамтамасыз етуі кері жүріспен қозғалған кезде артқы көрініс бейнесінің қысқа уақытқа қатып қалуына немесе мүлде шықпай қалуына әкелуі мүмкін.

Толық ақпаратты Lexus компаниясының ресми дилерлік / сервистік орталығынан алуға болады.

Не істеу қажет?

Көлік иесі автокөлігін Қазақстандағы Lexus компаниясының ресми дилерлік / сервистік орталығына жеткізуі қажет. Lexus-тің кәсіби мамандары автотұраққа көмектесу жүйесінің электрондық басқару блогын (ЭББ) **МҮЛДЕМ ТЕГІН** қайта бағдарламалайды.

Осы кампанияны орындау қанша уақытты алады?

Қайта бағдарламалау шамамен **45 минутқа** созылады. Дилерлік орталық мамандарының жұмысбастылығы жоғары болған жағдайда, жұмыстарды орындау үшін ұзағырақ уақыт қажет болуы мүмкін.

Қандай модельдер осы кампанияға қатысады?

Қазақстан және Қырғызстан нарығында осы арнайы сервистік кампанияға келесі Lexus модельдері қатысады:

- **ES** (шығарылған жылы: 2023 – 2025 жж.),
- **GX** (шығарылған жылы: 2024 – 2025 жж.),
- **LM** (шығарылған жылы: 2023 – 2025 жж.),
- **LX** (шығарылған жылы: 2021 – 2025 жж.),
- **NX** (шығарылған жылы: 2021 – 2025 жж.),
- **RX** (шығарылған жылы: 2022 – 2025 жж.).

Осы кампанияның өткізу мерзімі қандай?

Осы арнайы сервистік кампанияның өткізу мерзімі **шектелмеген**.